

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№7 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы
Сағат – 15:00

28 ақпан 2024 жыл
Сәрсенбі

Сенат залы
Қатысқандар: Сенат мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Университеттің 2023 күнтізбелік жылындағы ғылым саласының Стратегиялық және индикативті көрсеткіштері бойынша есебі *(Баяндамашы: Стратегиялық даму және ғылым вице-ректоры А.Е.Ошибаева, регламент 10 мин.)*

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.1. Университеттің 2023 күнтізбелік жылындағы Ғылым бойынша есебі қабылдансын;

1.2. Стратегиялық даму жоспары бойынша индикативті көрсеткіштердің орындалуы кафедра меңгерушілерінің, факультет декандарының және ҒЗИ/ҒЗО директорларының КРІ бағалау жүйесінде пайдалану үшін енгізілсін *(Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы, Адам ресурстарын басқару бөлімі, Кафедра меңгерушілері, Факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары).*

1.3. Факультеттегі немесе ҒЗИ-дағы зертханалар аяқталған жобалар аясында сатып алынған құрал-жабдықтармен толықтырылсын және зертханаларды пайдалану жалпыға бірдей болу үшін мүмкіндік жасалынсын *(Жауапты: зертхананың жауапты тұлғалары, факультет декандары, ҒЗИ директорлары)*

1.4. Докторанттар мен магистранттардың диссертация тақырыптары кафедрадағы жобалардың (ынталы бағыттар немесе қаржыландырылатын жобалар) бағытына сәйкес бекітілсін.

1.5. Университеттің ғылыми потенциалын көтеру мақсатында Түркиялық ОПК-ға Scopus және WoS деректер базасына енгізілген басылымдарда ғылыми мақала жариялау міндеттелсін және оны қадағалау ректор өкіліне жүктелсін.

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Куралбаева

А.Куралбаева

